

Б. ҚҰЛЖАНОВА

ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР (XI–XII ғғ.) ТІЛІНДЕГІ ЗАТ ЕСІМ ЖАСАЙТЫН ӨНІМДІ ЖҰРНАҚТАР

Тілдік бірліктердің ішінде, әсіресе, жұрнақтар тұлғасы мен қызметі жағынан көп өзгеріске ұшырай қоймайтын тұрақты категория. Осы мақалада «Құтадғу билиг» пен «Ыбат-ул хақайик» ескерткіштері тіліндегі зат есім жасайтын өнімді жұрнақтарды қазақ тіліндегі сол тектес жұрнақтармен салыстыра отырып, олардың грамматикалық

мағынасын, қолданылу аясын, дыбыстық құрамын, тұлғалық сипатын әңгімелегелі отырмыз.

-ЧЫ,-ЧИ жұрнағы. Бұл жұрнақ түркі тілдерінің барлығында да бар. Ежелгі дәуірлерден қазірге дейін сөз жасау қабілетін жоймаған аса өнімді жұрнақтардың бірі. «Құтадғу билиг», «Ыбат-ул хақайик» ескерткіштері тілінде зат есім мен етістіктен

зат есім тудырады: Қамуғ иг тоғақа бу емчи ерүр ҚБ 313 (Барлық ауру-сырқауларды емші емдейді); Темүрчи етүкчи йана қырмачы ҚБ 32 (Темірші ұста, етікші және тері илеуші); Бодун кой саны ол беги койчысы ҚБ 58 (Қара халық кой сияқты болса, оның басшысы койшы сияқты); Йылқычы игдиш үклитсүни ҚБ 400 (Жылқышы мал санын көбейтсін); Йулдызчылар бирла қатылмақыны айур ҚБ (Жұлдызшылар сырлары туралы айтылады). Бұл сөйлемдегі *емчи, етүкчи, койчы, йылқычы, йулдузчы* туынды сөздері *ем, етүк* (етік), *кой, йылқы* (жылқы), *йулдыз* (жұлдыз) зат есімдерінен жасалған. Қай-қайсысы да зат есім түбірлеріне тікелей жалғануымен ерекшеленеді.

Бағырсақ керак койка кой күтчиси ҚБ 58 (Шопан койға мейірбан болу керек); Есизка от ерди йағықа бузғучы ҚБ 41 (Ақымақтарға от сияқты еді, жауларына талқандаушы); Йонақчы йақын болса тегрүр йодуғ ҚБ 166 (Өсекшімен жақын болсаң бәлеге ұшырайсың); Қайусы басымчы өлүтчи қыруқ ҚБ 134 (Олардың қайсы бірі қанаушы, өлтіруші, қырушы); Ағычы битигчи йа иш тутғучы ҚБ 136 (Қазынашы, көшіруші, немесе іс жүргізуші); Елиг туттачымға егирса мұна һХ 30 (Қол беруші камқоршыма мұң үйірсе). Осы сөйлемдердегі *күтчи, бузғучы, йоңақчы, басымчы, битигчи, туттачы* туынды зат есімдері *күт* (күту), *буз* (бұзу), *йоңа* (өсектеу), *бас* (басып алу), *бит* (жазу), *тут* (тұту) етістіктерінен жасалып тұр. Алайда **-чы/-чи** жұрнағы **күт** етістігінен басқа сөздердің түбіріне тікелей жалғанбаған. Құранды түрінде келеді: **-ғу+чы, -қ+чы, -ым+чы, -иг+чи, -та+чы**. Бұлардың ішінде **-чы/-чи**-дің алдында тұрған **-к** (**-ақ, -ек**), **-ым** (**-ім**), **-иг** (**-ік**) формалары етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар. Қазіргі кезде көбіне түбірге сіңіскен күйінде жұмсалады. **-ғу+чы, -та+чы** этимологиясы күңгірттенген көне жұрнақтар.

-чы/-чи жұрнағы жалғанған зат есімдер аталған ескерткіштер тілінде бірнеше мағынада жұмсалады.

1. Зат есімдерге қосылып, белгілі бір іспен яки кәсіппен шұғылданатын адамды білдіреді: *тарығычы, етікчи, қушчы* (құс аулаушы), *тузақчы* (тұзақ салушы), *йылқычы* (жылқы бағушы), *койчы* (қой бағушы) т.б.

Тарығычы тарыға ерик болсун ҚБ 333 (Егінші егінді өз қалауымен ексін); Темүрчи етүкчи йана қырмачы ҚБ 321 (Темір соғушы ұста, етікші және тері илеуші); Керунмаз тег ол көр тузақчы сеңа Бу дүниа неңи ол сачылмыш меңа ҚБ 208 (Тұзақ

кұрушы, ақылға салып аңла, саған көрінбей тұрады. Бұл дүние заты да алдау үшін шашылған жем сияқты). Мұндай туынды сөздерден кәсіп иелерінің немен шұғылданатыны айқын аңғарылады.

2. Кейбір зат есімдерге жалғанып, қызмет, мамандық атауын білдіреді: *ағытчы* (қазынашы), *ашчы* (аспаз), *оқчы* (мерген), *йулдузчы* (астролог), *йүкчи* (жүк тасушы), *йығаччы* (ағаш ұстасы), *сырчы* (суретші) т.б.

Ағылыққа қылса ағычы сени Бүтүн чын болур сән йорығыл көни ҚБ 224 (Қазынаға сени қазынашы етіп қойса, барынша адал бол, әділдік ет); Арығ болса ашчы арығ аш берүр ҚБ 121 (Аспаз адал болса, таза ас береді); Йадағ оқчы түшрүп сен өңдин йүгүр ҚБ 88 (Жаяу мергендерді қалдырып, өзің алға жүгір).

3. Осы жұрнақ арқылы белгілі бір іс-әрекеттерге бейімділікті, икемділікті, ықылас білдіру-шілікті аңдататын зат есімдер жасалады: *борчы* (маскүнем) *учақчы* (өсекші), *озунчы* (жалақор, зиянкес), *қарақчы* (тонаушы), *отачы* (емші) т.б.

Ким ол борчы ерса киши йиги ол Керак ерса йиглиг йүри борчы бол һХ 396 (Кім маскүнем болса, кісінің тәңірі сол, Тәуір болғың келсе, бар, маскүнем бол); Ушақчы кишиг қылма өзқа йақын ҚБ 38 (Өсекші кісіні өзіне жақын ұстама); Озунчи кишига қатылма йыра ҚБ 303 (Бәлекор кісіге қосылма, қашық бол). Бұл сөйлемде **-чы** жұрнағы арқылы пайда болған туынды зат есімдер *шаратқа* (бор), *өсекке* (ушақ), *бәле-жәлеге* (озун) жақын жүрушілерді меззеп тұр.

4. Осы жұрнақ үстелгенде зат есімдердің түбірлері адамдардың атқаратын істерін, борыштарын, міндеттерін білдіреді: *савчы* (құдайдың хабаршысы), *башчы* (жетекші, басшы), *сақчы* (күзетші, сақтаушы).

Йалавачларда өдрүнтүси улуғ сабчысы ҚБ 2 (Пайғамбарлардың таңдаулысы, құдайдың ұлы хабаршысы); Қалы езгү болса бозун башчысы Қамуғ езгү болды аның ишчиси ҚБ 75 (Егер халықтың басшысы ізгі болса, оның қызметкерлері де ізгі болады); Қамуғ ишка йолчы билиг бар уқуш ҚБ 393 (Барлық іске білім мен ақыл жол сілтей алады). «Құдайдың хабарын жеткізу», «халықты, елді ұйымдастыру», «жол сілтеу» семалары мысалға алынған сөйлемдерде *сав* (сөз), *баш* (бас), *йол* (жол) түбірлері арқылы жеткізіліп тұр.

5. Етістік түбірлі сөздерге жалғанып, кәсіп, мамандық иелерін білдіретін туынды зат есімдер жасайды: *қырмачы* (тері илеуші), *йорғучы* (түс жорушы), *басғучы* (басқарушы, билеуші), *билдүрчи* (ха-

баршы), *оқытчы* (жаршы) т.б.

Темүрчи етүкчи йана қырмачы ҚБ 321 (Темір ұстасы, етікші және тері илеуші); Түшүг езгү йорса бу түш йорғучы ҚБ 314 (Түс жорушы түсті жақсыға жорыса); Қалам бирла басты ол ел басғучы ҚБ 131 (Ел басқарушы елді қаламмен басқарады); Мени ыдты елиг оқытчы сена ҚБ 99 (Ел билеуші мені саған хабаршы етіп жіберді). Бұл жұрнақтың грамматикалық мағыналары каншалықты кең болғанымен, түпкі тегі бір. Э.В.Севортянның сөзімен тұжырымдасак: «Существительные на -чы все являются обозначениями лиц по их деятельности в широком значении слова. Сюда входят значения: профессии, занятия, привычки, склонности, влечения, приверженности и т. п., а существительные на -чы соответственно названия лиц по их профессиям, занятиям, привычкам и т. д. Наиболее древним в этом перечне являются значение профессия /занятия, все остальные представляют собой его дальнейшее развитие» [1, 84]. Қазіргі қазақ тілінде «адамның белгілі бір дағдыға айналған іс-әрекеті мен қабілет-қасиеттерінің аттарын білдіруі», сондай-ақ «қоғамдық ағымды я көзқарасты (идеяны) жақтаушының және белгілі бір ұйымға қатысушының атын білдіруі» аталған жұрнақтың даму мүмкіншілігі әлі де зор екендігін көрсетеді.

Қазақ тілі тарихын зерттеуші ғалым М. Томапов көне дәуірлерде: «-ші-, -чы-, -чі істің иесін, іс-әрекетті жасаушы субъектіні білдіретін сөздер жасаған. Есім түбірлерге, немесе етістіктен есімге айналған түбірлерге жалғанып, іс иесін-субъектіні, кәсіпкерді білдірген. Қазіргі қазақ тіліндегі қолданысы да сондай» [2, 171], – деп жазады. Жоғарыдағы талдаулар осы пікірдің дұрыстығын көрсетеді.

-чы/-чи жұрнағының тағы бір ерекшелігі етістіктен зат есім, етістіктен етістік жасайтын жұрнақтардың үстіне жалғана береді: *бил+гү+чи* (білуші, білгіш), *кес+гү+чи* (кесуші), *буз+гү+чы* (бұзушы), *қол+гү+чы* (сұраушы, тіленуші), *бас+ым+чы* (басып алушы, қанаушы), *кес+им+чи* (бас кесуші, жауынгер), *қап+уғ+чы* (қақпа күзетуші), *оқ+ығ+чы* (шақырушы, жаршы), *қон+ут+чы* (қондырушы, үй жалдаушы), *бас+ут+чы* (қамқорлық жасаушы), *оқ+ыт+чы* (хабарлаушы, жаршы), *қыр+ма+чы* (тері илеуші) т. б. Бұл мысалдардағы -ғу/-гү, -ым/-им, -уғ/-ығ, -ут/-ыт, -ма жұрнақтары етістіктен есім жасап тұр. *Билдүргүчи* (хабаршы) туынды зат есімнің құрамы күрделі: ең алдымен *бил* (біл) түбірінен -дүр өзгелік етіс жұрнағы арқылы туынды етістік жасалған. Одан көне -гү жұрнағы арқылы *билдүрги* (білдіру) зат есім пайда болған.

Ең соңында барып іс иесін білдіретін -чи жұрнағы қосылады.

-ЛУҒ (-ЛУҚ, -ЛЫҒ/ -ЛЫҚ, -ЛҮГ/ -ЛҮК, -ЛИГ/ -ЛИК) жұрнағы. Бұл жұрнақ көне түркі жазба ескерткіштері тілінде де, қазіргі түркі тілдерінде де ең өнімді сөз жасаушы жұрнақ болып есептеледі. Өнімді сөз жасаушылық қасиетінің ықпалынан да болар аталмыш жұрнақтың фонетикалық варианттары да көп. Мысалы, азербайжан тілінде варианты (-лык/-лик, -луғ/-лүк) болса, қазақ тілінде алты варианты (-лык/-лік, -дык/-дік, -тық/-тік) бар. Қырғыз тілінде тіпті он екі түрлі варианты (-лык/-лік, -лук/лүк, -дык/-дік, -дук/дүк, -тық/-тік, -тук/-түк) кезде-седі [3.45]. XI–XII ғғ. ескерткіштері тілінде жоғарыда санамаланғандай сегіз түрлі варианты ұшырайды. Мысалдар: *йоқлуг* (жоқтық), *тоқлуг* (тоқтық), *қонуқлық* (қонақтық), *йалғузлук* (жал-ғыздық), *йдағлығ* (жаяулық), *аталығ* (аталық), *төрүлүг* (төрелік), *едгүлүт* (ізгілік), *севүглүк* (сүйікті), *бутуллук* (бүтіндік) т. б. Алайда ерін және езу үндестігіне қарай жіктелген бұл варианттар сөз мағынасын өзгертуге ешқандай қатысы жоқтығымен ерекшеленеді.

XI–XII ғғ. ескерткіштері тілінде -луғ (-лук, -лығ) -лык, -лүг (-лүк, лиг/-лик) жұрнағы арқылы жасалған туынды зат есімдердің түбірі негізінен сын есімдер мен зат есімдер болып келеді. Сын есімнен, есімдіктен, үстеуден жасалған зат есімдер де кездесіп қалады. Бірақ бұлардың үлес салмағы аз. Түбірі араб, парсы сөздері болып келе-тін зат есімдер де ұшырайды.

Бұл жұрнақ өздері қосылған сөздерден «Қутадғу билиг» және «Үбат-ул хақайық» ескерткіштерінде мынадай грамматикалық мағыналарды тудырады.

1. Сын есімдерден сапаны, күйді білдіретін зат есімдер жасайды: *улуғлук* (ұлықтық), *тоқлуг* (тоқтық), *толулук* (толықтық), *учулук* (арзандық), *ачлык* (аштық), *егрилик* (қисықтық, түзу еместік) т. б. Бұл ежелгі дәуірден қазірге дейін сақталған.

Телим қалғу ермас тириглик күни Узун бар-ғу ермас улуғлүгүни ҚБ 440 (Біле білсең тіршілік күндері ұзаққа созылмайды Ұлықтық данқы да мәңгілік емес); Кедим бирла тап тут қарын тоқлүгын ьХ 186 (Киім мен қарынның тоқтығын қанағат ет); Көнилик тонын кей қойуп егрилик ьХ 167 (Қыңырлықты тастап шындықтың тонын ки).

2. Сын есімдерден адамның ерекше қасиеттерін, мінез-құлқын сипаттайтын сөздер жасайды: *алпық* (алыптық), *авучқалық* (қарылық), *саранлық* (сарандық), *тетиглик* (сезімталдық), *суқлуг* (сұқта-

нушылық), *усаллық* (осалдық), *одуғлуқ* (қырағлық) т. б.

Увутқа болуп қорқық алплық қылур (Ұятқа қалмас үшін қорқақ ерлік жасайды); Йигитликка өкүнүп авучкалықын айур ҚБ 10 (Жігіттік дәуреніне өкініп, қарттық дәуренін баян етеді); Саранлыққа ынға негү бар азын ҚБ 130 (Сарандықтан төмен не нәрсе бар?); Тетиглигда кендү айаздин өзүк hX 55 (Сезімталдықта Аяз бидің өзінен озық); Усаллық била өлди ер мың түман ҚБ 43 (Бейқамдықтың салдарынан мыңдаған адам өлді).

3. Нақты мағыналы зат есімдерден дерексіз (абстракт) мағыналы зат есімдер жасайды; *кишилик* (адамгершілік), *өгәлик* (данышпандық), *чығайлық* (кедейлік), *йигитлик* (жігіттік), *битиглик* (сауаттылық), *йағылық* Қаны қанча барды кишилик есиз hX 386 (Адамгершіліктен безгендер қаншалықты жерге дейін барды, байқадың ба); Қайуқа өгәлик тегүр өг булур ҚБ 239 (Кімге данышпандық жетсе, ақылды болады); Чығайлық йарынлық азуқ йоклуқы чығайлық теп айма тавар йоклуқын hX 187 (Кедейлік деген ертенге тамақ жоқтығы, мал-мүліктің жоқтығын кедейлік деп айтпа); Негү тер ешитгил йағылық киши Йағы бирла урушу тұкамиш йаши ҚБ 249 (Жауы бар кісі, жауымен күресе-күресе өмірін тауысқан кісі не деп айтады, тыңда).

4. Нақты (конкретті) мағыналы зат есімдерден нақты мағыналы зат есімдер де жасай алады: *йаруқлуқ* (жарық нұры), *кедгүлүк* (киім-кешек), *уқуғлуқ* (ақыл, парасат), *тириглик* (өмір), *байлық* (мал-мүлік, қазына), *мүйанлық* (кедейлер түнейтін қонақ үй).

Тоғар күн камуғқа йаруқлуқ берүр ҚБ 69 (Күн шығады, барша әлемге жарық нұрын себеді); Бу дүниә неңиндин йегү кедгүлүк ал hX 189 (Бұл дүние затынан керегіңше ас-тамақ, киім-кешек ал); Қоқуз қыл бу байлық мүйан ал толу ҚБ 381 (Бұл қазына-байлықты азайт, оның орнына қайырымдылығыңды көбейт); Муңазты мүйанлықда түшти барып ҚБ 46 (Ол мұнайды да, кедейлер түнейтін қонақ үйге барып түсті).

5. Заттың мекенін, өсетін, өнетін орнын білдіретін сөздер жасайды: *ажунлығы* (дүниелік), *тарылығы* (егіндік), *чечеклик* (гүл өсетін жер) т. б.

Ажунлығы белинка қаты қут қуры Қозы бирла қатлып йорыты бөри ҚБ 26 (Дүниелік адамдар беліне бақыт белбеуін буынды Бөрілер қозылармен араласып жүрді); Тарылығы теп айды ажунны расул Тарықлықда қатлан тары едгүлүк hX 191 (Пайғамбар бұл дүниені егістік деп айтты Егістікте еңбек ет те ізгілікті сеп); Чечекликда санвач өтәр мың үнүн ҚБ 18 (Гүл бағында бұлбұлдар мың құбылтып сайрай-

ды).

6. Үстеулерден, модаль сөздерден зат есімдер жасайды: *бүтүнлүк* (адалдық, туралық), *өкүшлүк* (көптік, молдық), *едизлик* (жоғарылық), *артуқлуқ* (артықшылық), *инчлик* (тыныштық), *толулуқ* (толылық), *барлығы* (байлық) т. б.

Бүтүнлүк била қылды ишиг ҚБ 131 (Ол барлық істі адалдық көрсетіп істеді); Өкүшлүк не асғы өлүмдин кедин ҚБ 376 (Өлгеннен кейін молшылықтың не қажеті бар?); Муны бергүқа бир күчүн йетмаса Не артуқлуқуң бар маңа ҚБ 220 (Мұны беруге еш күшің жетпесе Менен қандай артықшылығың бар?); Атым ерди Айтолды қылдым толу Ерилди толулуқ түкар өз өлу ҚБ 109 (Атым еді Айтолды толыстым Енді толықтығым жұқарып өзім өлім халіне келдім).

7. Араб, парсы сөздерінен зат есімдер жасайды; *жанлығы* (тірі мақлұқ), *везирлық* (уәзірлік), *әзизлик* (ғазиздық, асылдық), *ақылық* (жомарттық), *хадживлық* (хаджиптық), *зудлығы* (құдай жолына берілгендік) т. б.

Сезиксиз өлүм бир күн ахыр келир Тирлимиш бу жанлығы жанын алғалыр ҚБ 116 (Күмәнсыз өлім ақыры бір күн келеді Өмір сүріп жатқан тірі мақұлықтардың жанын алады); Йалынғуқ оғланы әзизлики билиг уқуш бирла ердүкүн айур ҚБ 16 (Адамзат баласының ғазиздікке, ізгілікке білім мен ақыл арқылы жететіндігі туралы әңгімелейді); Амал койды алим заһид зуьд варағ hX 391 (Ғалым еңбек етуді, сопы құдайға құлшылық еткенін койды).

Аталмыш жұрнақ зат есім жасаумен қатар сын есім жасауға да қатысады. Мысалы, *көркүлүг* (көрікті), *өглүг* (ақылды), *баһалыг* (бағалы), *арығлыг* (тәртіпті), *һунарлығы* (құнарлы) т. б. – сын есімдер.

Көне түркілік *-лүг* (*-лүк*, *-лығы/-лық*, *-лүг/-лүк*, *-лиг/-лик*) жұрнағы қазақ тілінде *-лық/-лік*, *-дық/-дік*, *-тық/-тік* болып қалыптасқан. Анығырақ айтқанда, жұрнақ құрамындағы еріндік *у*, *ү* дауыстылары, *ғ*, *г* ұяңдары қолданыстан мүлдем шығып қалған. *л* үндісі *т*, *д* дауыссыздарына вариантталған. Еріндік дауыстылар оғыз, қарлұқ-ұйғыр тілдерінің, олардың қысқанданған сыңары қыпшақ тілдерінің белгісі болып есептеледі [4, 84].

Бұл жұрнақ қазақ тілінде құралдың атын білдіретін зат есім мен адамның мекен-жайын, тұрағын, шыққан жерін білдіретін нақтылы мағыналы зат есімдерден бастап, жинақтық, молшылық, бір нәрсеге тәнділік, мөлшерлік тәрізді абстракциялы ұғымды білдіретін зат есімдер жасайды [1, 46]. Өзіміз зерттеп отырған ескерткіштерден *айлық*, *жылдық*, *апталық*, *түстік* сияқты мезгілдік мағынаны білдіретін, есептік сан есімдерден жасалып,

екілік, үштік, ондық, жүздік сияқты қатысты заттық ұғым тудыратын атауларды ұшырастыра алмадык.

Түркологтар *-луғ/-лук* жұрнағының пайда болу тарихына -этимологиясына ерекше көңіл аударған. Г. Рамстедт бұл жұрнақты бірде *-лы* және *-ғ* элементтеріне ажыратады да, *-лы* септік жалғауы, ал *-ғ* сын есім жасайтын аффикс деп есептейді [5, 47]. Енді бірде тұңғыс тіліндегі *-рук* жұрнағымен салыстырады [5, 203-204]. В. Котвич *-лық*-тың алғашқы элементін (*-л*) тұңғыс тіліндегі көптік қосымшасымен салғастырып бұл екеуі негіздес деп қарайды [6, 109]. Бұл пікірді Б. А. Се-ребреников [7, 162] пен А. А. Чеченов [7, 140-141] те қолдайды. Олар көптік жалғауының *-ла* бөлегі мен *-луғ*-тың *-л* элементі бір деп санайды. Бұған дәлел «бүкіл түркі тілдерінде *-лық* жұрнағы көптік, жинақтық, топтасқандық мағынасын береді», – дейді.

Түркологтардың бірқатары *-луғ/-лук* жұрнағын жеке сөзден шыққан деп болжамдайды. Мысалы В. Банг оны «бірге, қосыла» деген мағына беретін *ілен* сөзімен байланыстырса, Ж. Дени «қосу, үстеу» деген мағына беретін *ілік* сөзімен байланыстырған [8, 140]. Н. К. Дмитриев бұл жұрнақтың арғы тегі «толы» деген мағына беретін ұйғыр тіліндегі *лик* сөзі деп тұжырымдайды [9, 68]. Бұл пікірге Н. А. Баскаков та қосылады. Алайда баяндалған пікірлердің қай-қайсысы да әзірге бүкіл түркологтардың қолдауын таба алған жоқ.

-УН (-ҮН, -ЫН/-ИН, -Н) жұрнағы. Бұл жұрнақ ежелгі дәуірлерде етістіктен есім, есімдерден есім тудыратын өнімді жұрнақ болғанға ұқсайды. Қазір оның сөз жасау қабілеті бәсеңсіген. Көбіне түбір сөздерге сіңісіп, біртұтас атау ретінде ұғынылады. Жұрнақ құрамындағы *у* мен *ы*-ны еріндіктің езулікке айналуы деп түсінсек, *ы* мен *і*-ні жуан дыбыстардың жіңіш-керуі деп бағамдаймыз. Демек, *-үн*, *-ын*, *-ін*, *-н* ежелгі түркілік *-ун*-ның варианттары. «Қутадғу билиг» және «җибат-ул хақайиқ» ескерткіш-терінде *-ын/-ин*, *-үн* формаларына қарағанда *-ун* формасы арқылы жасалған сөздер көбірек. Бұл ескерткіштерде ең көне форманың едәуір дәрежеде сақталғанын көрсетеді.

Ескерткіштерде *-н* жұрнағы жалғанған сөздер мынадай грамматикалық мағыналарда жұмсалады:

1. Нақты (конкретті) мағынаны білдіреді: *қагун* (қауын), *түтүн* (түтін), *қузгун* (қарға), *алын* (маңдай), *қарын* (қарын, іш), *йарын* (иін, жауырын) т.б.

Неча көркүлүг ерса қағун таш йүзи ҚБ 304 (Қауынның сырты қанша көрікті болғанымен); Қара күзгун ердим қуғу қылды чал ҚБ 46 (Шашым қара күзғындай еді, енді аппақ қудай ақ болды); Ажун

гүлчирар баз алын каш чытар ьХ 205 (Дүние әуелі күлімдейді де, қайтадан қас-қабағын шытады).

2. Дерексіз (абстракт) мағынаны білдіреді: *йосун* (заң, қисын, әдет-ғұрып), *ажун* (дүние, әлем), *будун* (халық, ел), *қыйын* (жаза) т.б.

Билиглиг керек билса сөзка йосун ҚБ 95 (Сөз қисынын, жүйесін білетін білімді болу керек); Аның йады бирла ажун толсу деп ьХ 76 (Оның аты жерді жарсын деп); Йалавачка болмас өлүм йа қыйын Ешитмиш сөзин чын тегурса тилин ҚБ 109 (Елшіні өлтіруге де, жазалауға да болмайды Егер есіткен сөзін тілімен шын жеткізе алса).

3. Қимылдың, іс-әрекеттің заттық атауын білдіреді: *түшүн* (түсетін, демалатын орын), *түгүн* (түйін), *екин* (егін, егістік), *агын* (мылқау), *арқун* (жүйрік), *орун* (орын), *ойун* (ойын) т. б.

Қонук сен бу дүниа саа бир түшүн ҚБ 208 (Бұл дүниеге қонақсың, саған ол бір түсетін орын сияқты); Түмән сөз түгүнин бу бир сөзда йаз ҚБ 25 (Мың сөздің түйінін бір сөзбен шеш); Ата аты орны оғулда қалур ҚБ 15 (Әкенің даңқы мен отыратын орны – мекен-жайы балаға қалады); Севинч көрса түшта ойун йа бүдиг ҚБ 431 (Түсінде ойын, би сияқты сүйкімді нәрсе көрсе).

-АН/-ЭН жұрнағы. Бұл жұрнақты Э. В. Севортян ең ежелгі дәуіргі жұрнақтардың қатарына жатқызады [1, 336]. Аталған жұрнақ арқылы түркі тілдерінің ешқайсысында жаңадан сөз жасалмайды, солай бола тұрса да ол көптеген сөздердің құрамында кездеседі. Бұл жұрнақты түркологтардың үлкен бөлегі грамматикалық мағынасы мен қызметінің ұқсастығына қарап көбіне *-ун* (*-үн*, *-ын/-ин*, *-н*) жұрнағымен бірге қарастырады. Алайда тарихқа белгісіз ежелгі дәуірде жұрнақ құрамындағы еріндік *у* дыбысы мен езулік ашық *а* дыбысы мағына ажыратушылық қызмет атқарғанға ұқсайды. Өйткені бұл жұрнақтардың бірі жалғанып тұрған сөзге екінші жұрнақты жалғауға болмайды. Әрі *-ан/-эн* жұрнағы қосылған сөздердің түбірін ажырату өте қиын. «Қутадғу билиг» пен «җибат-ул хақайиқ» ескерткішінде мынадай грамматикалық мағына беретін сөздер бар:

1. Қимылдың нәтижесін білдіреді: *йылан* (жылан), *қалқан* (қалқан), *еврән* (аспан әлемі), *оглан* (туылған бала), *тикан* (тікән) т.б.

Йылан дег бу ажун йылан оқлағу ьХ 213 (Бұл дүние жылан сияқты. Жыланның көзін жой); Йаратты көр еврән тучы еврилүр ҚБ 15 (Көрмей-сің бе, құдай аспан әлемін жаратты, ол әрдайым қозғалыста); Тикән ол уқушлуғ да дүниа толу Ардақ урса йерка кирүр сақланғу ҚБ 180 (Ойлы адамға бұл дүние тола тікән Аяғыңды жерге қойсаң болды,

кіреді, сақтанғайсын).

2. Заттың белгісін білдіреді: *йаңан* (піл, пілдің арқасының дөңестігін аңдатады), *күдән* (неке түні), *еран* (ер, ерлік көрсетуші деген мағынада), *туман* (тұман, түн, қараңғылық деген мағынаны аңлатады), *саран* (сараң, қолы тар деген мағына береді), *қулан* (құлтан, түсінің құла екенін білдіреді), *уған* (құдай, у тұлғасы орхон-енисей ескерткіштерінде күшті, күдіретті деген мағына береді).

Керек өдз'та бир йам йаңанча болур ҚБ 208 (Керек сәтте шөп сынығы пілдің орнына жүреді); Қарарып туман тозды дүनिया туды ҚБ 298 (Қарайып тұман пайда болды, дүниеге жайылды); Саран болса беглар атын артатур ҚБ 311 (Егер бек сараң болса өзінің абыройын жоғалтады); Көр арслан керек кез қулан тутғуға ҚБ 20 (Ақылыңа салып көр, жүйрік құланды ұстау үшін арыстан керек).

Қазақ тіліне және орта ғасыр ескерткіштеріне ортақ жұрнақтарға назар аударсақ, басты ерекшелік – олардың бірде еріндік дауыстылармен айтылса, бірде дәл сол сөздердің езулік дауыстылармен айтылуы. Ғалымдардың тұжырымы бойынша, қосымшалардағы еріндіктер оғыз, қарлұқ тілдеріне тән болса, езуліктер қыпшақ тілдеріне тән. Қысқасы, XI-XII ғғ. ескерткіштері тілінде оғыз, қарлұқ, қыпшақ элементтерінің араласып жүргендігі – тарихи факт.

ӘДЕБИЕТ

1. Севортян Э. В. Аффиксы именного словообразова-

ния в азербайджанском языке. М., 1966.

2. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы: Мектеп, 1988.

3. Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. Алматы: Ғылым, 1976.

4. Сағындықұлы Б. Алтын Орда жазба ескерткіштерінің (XIV ғ. салыстырмалы лексикасы. Алматы: Қазақ университеті, 2006.

5. Рамstedт Г. И. Введение в алтайское языкознание. Морфология. М., 1957.

6. Котвич В. Исследования по алтайским языкам. М., 1962.

7. Серебренников Б. А. Вероятностные обоснования в компаративистике. М., 1974.

8. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. М.-Л., 1948.

9. Дмитриев Н. К. Грамматика башкирского языка. М.-Л., 1948.